

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі	16 беттің 1 беті
	Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	

БЕКІТЕМІН



Ө. Жәнібеков атындағы ОҚПУ
Басқарма төрағасы- ректоры
Сугирбаева Г.Д.
2023ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ДОКТОРАНТТАР МЕН МАГИСТРАНТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІЛЕРІ (КОНСУЛЬТАНТТАР) ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.21-2023

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілген:		
Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Басқарма мүшесі - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысы		Калибаева Д.Б.
Заң департаментінің директоры		Амирхан М.А.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Дайындаған:		
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының директоры		Жылысбаева А.Н.

Күжаттың сақталу мерзімі: « 2 » 11 2023ж. бастап « 4 » 11 2026ж. дейін	Қолданысқа енгізу: № 4-204 бұйрығы Енгізу мерзімі: « 2 » 11 2023ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.21-2023 Басылым 1 Тіркеу № 15 Көшірмесі №
Создыру мерзімі: « » 20 ж.		

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 2 беті

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Белгілеулер мен қысқартулар	4
5	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
6	Процестің сипаттамасы	4
7	Тәуекелдерді басқару	12
А	қосымшасы «Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар)» әрекет ету тізбегі	14
Б	қосымшасы Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер	15
В	қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы	16

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 3 беті

1 Қолданылу саласы

1.1 Университеттің осы Ережесі отандық жетекшіге қойылатын талаптарына қатысты мәселелерді реттейді, жетекшіге және шет елдік ғылыми кеңесшіге, тағайындау және ауыстыру шарттары, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінде ары қарай (Университет) ғылыми кеңесшілердің (жетекшілердің) докторанттар мен магистранттардың құқықтары мен міндеттері қарастырылады.

1.2 Ереже лауазымды тұлғалар үшін міндетті басшылық болып табылады, кафедра меңгерушілері және Университет сапа менеджменті жүйесінің (СМК) құжаттамасының құрамына кіреді.

1.3 Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны Университет Басқарма төрағасы - ректордың рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге жол берілмейді.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

СТ ИСО 9000-2017 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

СМЖ ОҚПУ ПР 4.01-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Құжатталған ақпаратты басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.02-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Оқу-ұйымдастыру процестерін басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.03-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Оқу-әдістемелік процестерді басқару.

СМЖ ОҚПУ ПР 7.12-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Магистранттар мен докторанттардың ғылыми (эксперименттік)-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және өткізу.

СМЖ ОҚПУ ПР 8.04-2023 Сапа менеджменті жүйесі. Процедура. Үлгерімді ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу процесін басқару.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

2.2 Процедура келесі жазба формаларын қолданады:

Ф.7.21-01 Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер

3 Терминдер мен анықтамалар

Ережеде ҚР СТ ИСО 9001, ҚР МЖМБС сәйкес терминдер мен

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 4 беті

анықтамалар қолданылады.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

ОҚПУ – Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті;

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ПР – процедура;

МЖБС – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

СБӨ – Сапа бойынша басшылықтың өкілі;

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі;

ЖООКББИ – Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты;

СЖжМБ – Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі;

ҒКК – ғылыми координациялық кеңес;

ОЖ – оқу жоспары;

ЖОЖ – жеке оқу жоспары;

ЖЖЖ – магистранттың / докторанттың жеке жұмыс жоспары;

МҒЗЖ – магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысы;

ДҒЗЖ – докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы.

БжҒСҚЕК – Білім және ғылым сапасын қамтамасыз ету комитеті

5 Жауапкершілік және өкілеттік

5.1 Ережені университет Басқарма төрағасы-ректоры бекітеді.

5.2 Ережені енгізу және басқару үшін жауапкершілік СБӨ-ге жүктеледі.

5.3 Осы ереженің ҚР СТ ИСО 9001:2016 стандартының талаптарына сәйкестігі үшін СБӨ жауапты болады.

5.4 Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілеріне (консультанттарға) қойылатын талаптарды орындау жауапкершілігі кафедра меңгерушісіне жүктеледі.

5.5 Бөлімшеде орналасқан СМЖ процедураларының сақталуына және рұқсатсыз көшірілуіне және қызметтік ақпараттың сыртқа таралып кетпеуіне бөлім басшылары жауапты болады.

5.6 Докторанттар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және диссертациялық жұмыстарына жетекшілік пен кеңес берудің тиімділігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету процесіне барлық жауапты тұлғалар, ғылыми консультанттар, докторанттар мен магистранттардың жетекшілері осы Ереженің талаптарын сақтауға жауапты болады.

5.7 Көрсетілген талаптарды енгізу үшін жауапкершілік профессор оқытушыларда, ЖООКББИ директоры, кафедра меңгерушісінде.

5.8 Ережеге өзгерістерді міндетті түрде «Өзгерістерді тіркеу парағына» (**В қосымшасы**) белгі қоя отырып, ЖООКББИ директоры енгізеді.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 5 беті

6 Процесстің сипаттамасы

«Докторанттар мен магистранттардың ғылыми кеңесшілері мен жетекшілері туралы ережесінің» әрекет ету алгоритмі **А қосымшасында** келтірілген.

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Осы Ереже ғылыми жетекшілер (консультанттар) туралы.

6.1.2 Ереже докторанттардың/магистранттардың және олардың ғылыми жетекшілерінің (консультанттарының) диссертациялық жұмыстарды орындауы үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы жоғары оқу орындарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бұйрықтары мен нұсқаулықтарына, университет ішкі ережелері мен құжаттарына сәйкес әзірленді.

6.1.3 Осы Ереже отандық жетекшіге (консультантқа) және шетелдік ғылыми кеңесшіге қойылатын біліктілік талаптарына, тағайындау және ауыстыру рәсімдеріне, университеттегі докторанттардың (магистранттардың) ғылыми кеңесшілерінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты мәселелерді реттейді.

6.1.4 Докторлық диссертацияға жетекшілік жасау үшін докторантқа оқуға түскеннен кейін екі ай ішінде ғылыми жетекшілік бекітіледі.

6.1.5 Ғылыми жетекшілік Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6.1.6 Философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші докторанттарға ғылыми жетекшілік етуді кемінде 2 адамнан тұратын консультанттар жүзеге асырады, олардың бірі шетелдік ЖЖОКБҰ-ның ғалымы болады

6.1.7 Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуына және академиялық адалдық принциптерінің сақталуына және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақытылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

6.2 Докторанттардың ғылыми жетекшілеріне (консультантқа) қойылатын талаптар

6.2.1 Отандық жетекшіге (консультантқа) қойылатын талаптар

8D01 - Педагогикалық ғылымдар даярлау бағыттары бойынша консультанттар ғылыми басылымдар тізіліміне енгізілген бейіні бойынша басылымдарда 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) или Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін не CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының жүзеге асыруы

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 6 беті

6.2.1.1 Отандық ғылыми жетекші (консультант) білуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Білім туралы", "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының заңдары;
- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік-құқықтық актілер;
- Қазақстан Республикасының ғылымын дамытудың басым бағыттары;
- ғылыми зерттеудің заманауи инновациялық әдістері, ғылымның ғылыми мамандану саласындағы соңғы әлемдік жетістіктері;

6.2.1.2 Отандық ғылыми жетекші (консультант) міндетті:

- ұйымдастырушылық және аналитикалық қызмет дағдыларына ие болу;
- қазіргі заманғы IT технологияларын білу, академиялық жазу, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын меңгеру;
- PhD докторанттың диссертациялық жұмысын дайындауда жұмысты тиімді және дәйекті, бірізділік түрде ұйымдастыру;
- қызметтік қарым қатынаста тұлғааралық қатынастардың этикалық нормалары мен әдістерін қолдану дағдыларына ие болу;
- докторант жазатын диссертация және білім алатын тілін еркін білуі (қазақ, орыс немесе ағылшын).

6.2.1.3 Отандық жетекші (консультант) ұзақтығы кемінде күнтізбелік 30 күнді құрайтын мерзімде, халықаралық рейтингтерде алғашқы 1000 позицияны немесе тиісті бағыт (by Subject (бай сабджект)) бойынша алғашқы 200 позицияны алатын жетекші шетелдік ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-да докторанттың шет елдік ғылыми тағылымдамадан өтуін қамтамасыз етуі тиіс.

6.2.1.4 Егер докторлық диссертация тақырыбы пәнаралық зерттеулердің түйіскен жерінде болса, екінші отандық ғылыми кеңесшіні оқытушылар, университет қызметкерлері қатарынан, сондай-ақ жасалған ынтымақтастық туралы шарттар мен келісімдер шеңберінде бірлескен ғылыми, білім беру жобаларын іске асыру бойынша университет серіктестері болып табылатын және баяндалған талаптарға сәйкес жарияланымдары бар бөгде ЖОО мен ғылыми ұйымдардың ғалымдарын тағайындауға жол беріледі.

6.2.2 Шетелдік консультантқа қойылатын талаптар

6.2.2.1 Докторанттардың шет елдік ғылыми консультанты алыс және жақын шет елдердің алғашқы халықаралық рейтингтерде 1000 позицияны немесе тиісті бағыт (by Subject (бай сабджект)) бойынша алғашқы 200 позицияны алатын жетекші шетелдік ғылыми ұйымдарда және ЖЖОКБҰ-ның жетекші ғалымдарын тағайындайды.

6.2.2.2 Докторанттың шет елдік ғылыми консультанты ретінде тағайындалатын тұлға сәйкес болу керек:

- докторантты даярлаудың тиісті бейіні бойынша жоғары кәсіптік білімі бар;
- ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD),

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 7 беті

бейіні бойынша доктор немесе философия докторы (PhD) дәрежесі, докторанттың диссертациялық зерттеу бейініне сәйкес академиялық дәрежесі және ғылыми жетекшілік ету тәжірибесі;

- Университетте немесе ғылыми ұйымда тұрақты позицияда, докторантты зерттеу саласында ғылыми зерттеулермен белсенді айналысатын және магистранттарға, докторанттарға ғылыми кеңес беру тәжірибесі бар.

6.2.2.3 Шет елдік кеңесші докторанттың ұзақтығы кемінде 30 күн шет елдік ғылыми тағылымдамадан өтуіне жәрдемдеседі.

6.3 PhD докторанттардың отандық және шет елдік ғылыми консультанттарын тағайындау тәртібі

6.3.1 Докторанттар бағдарламаға қабылдағаннан кейін, маман даярлаушы кафедраның көмегімен бірінші айдың ішінде, ары қарай бекіту үшін, ғылыми кеңесшілердің (отандық және шетелдік) кандидатураларын айқындайды.

6.3.2 Ұсынылған ғылыми консультанттардың кандидатуралары маман даярлаушы кафедралардың отырыстарында алдын ала талқылаудан өтуі тиіс.

6.3.3 Отандық және шетелдік ғылыми консультанттарды бекіту үшін маман даярлаушы кафедралар ЖООКББИ-на әрбір докторантқа мынадай құжаттарды ұсынады:

- докторанттың ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын талқылау туралы маман даярлаушы кафедра мәжілісінің хаттамасынан көшірме;

- ғылыми жетекшілердің біліктілік талаптары бойынша сәйкестігі Ғылыми зерттеулер департаментімен тексеріліп, департамент басшысы қол қойған ғылыми еңбектер тізімі (Қосымша Б);

- докторантқа ғылыми кеңес беруді жүзеге асыруға келісім –хат;
- оқу кезеңіне ЖОО-мен (ұйыммен) ынтымақтастық туралы шарттың көшірмесі (меморандум, келісім) (шет елдік консультант үшін).

6.3.4 Докторанттардың отандық және шетелдік консультантын тағайындау университет ЖООКББИ ұсынысы, Ғылыми координациялық кеңес келісімі бойынша Ғылыми кеңес шешім негізінде оқуға қабылданғаннан кейін 2 (екі) ай ішінде университет Басқарма төрағасы - ректорымен бекітіледі.

6.3.5 Докторанттың жеке жұмыс жоспарының орындалуына және диссертациялық жұмысты сәтті қорғауына докторант, отандық ғылыми жетекші және докторант тіркелген маман даярлаушы кафедра жауапты болады.

6.3.5.1 Докторант жеке жұмыс жоспарында көзделген барлық жұмыс түрлерін сапасыз немесе уақтылы орындамаған жағдайда, отандық консультант пен маман даярлаушы кафедра докторантты аралық аттестаттауға жібермейді

6.3.5.2 Докторанттың дербес жұмыс жоспарында көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда докторант ДҒЗЖ орындамаған болып есептеледі.

6.3.5.3 Жеке жұмыс жоспарын толық орындамаған докторантты аралық аттестаттауға жіберу және ДҒЗЖ бағаланғаны анықталған жағдайда отандық консультант пен кафедра меңгерушісіне тәртіптік жаза қолданылады.

6.3.6 Отандық консультантта докторлық диссертацияларды белгіленген

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 8 беті

мерзімде қорғамаған докторанттар болған жағдайда, отандық консультантқа докторанттардың диссертацияны қорғаған сәтіне дейін жаңадан қабылданған докторанттарға ғылыми жетекшілік етуге рұқсат етілмейді.

6.3.7 Бекітілген отандық ғылыми консультантты ауыстыру объективті себептер (басқа жұмысқа ауысуына, денсаулық жағдайы бойынша және т.б.) байланысты немесе форсмажорлық мән-жайлар бойынша ғылыми кеңес беру мүмкін емес секілді ерекше жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

6.3.8 Докторанттың отандық ғылыми кеңесшісін ауыстыру фактісі үшін маман даярлаушы кафедраның меңгерушісі жауапты болады.

6.3.9 Шетелдік консультантты таңдау отандық консультанттың жеке жауапкершілігінде болады.

6.3.10 Шетелдік ғылыми консультантты ауыстыру үшін отандық жетекші жауапты болады. Ерекшелік- форс мажорлық жағдайлар.

6.3.11 Өзіне бекітілген міндеттемелерді себепсіз орындамаған отандық ғылыми консультантқа докторанттардың одан әрі ғылыми жетекшілігінен шеттетілгенге дейін және басқа да тәртіптік жаза шаралары қолданылады.

6.3.12 Ғылыми консультант міндеттерін себепсіз орындалмаған шетелдік ғылыми консультант бұдан әрі университетпен ынтымақтастықтан шеттетіледі.

6.3.13 Ғылыми консультанттарды ауыстыру маман даярлаушы кафедраның ұсынысы мен негіздемесі, ЖООКББИ ұсынысы, ҒКК келісімімен Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет Басқарма төрағасы - ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

6.3.14 Соңғы курсында докторанттардың ғылыми консультанттарын ауыстыруға жол берілмейді.

6.4 Ғылыми жетекшінің (консультанттың) міндеттері мен құқықтары

Ғылыми кеңесшілер (консультанттар) білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауы тиіс (қажетті әдеби көздер мен ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету; диссертациялық зерттеуді орындау барысында көмек көрсету және кеңес беру; білім алушылар ұсынатын материалдар бойынша кері байланыс беру; қажет болған жағдайда бөгде білім беру және ғылым ұйымдарында білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда бөгде білім беру және ғылым ұйымдарында, белгілі әлемдік шетелдік орталықтарды қоса алғанда, білім алушылардың зерттеу жұмыстарын жүргізуін қамтамасыз ету; жүргізілетін зерттеу нәтижелерін жарияланымға дайындауға жәрдемдесу; ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында туындайтын өзге де мәселелерді шешу.

6.4.1 Отандық жетекшінің (консультанттың) міндеттері

6.4.1.1 Докторантқа докторлық диссертация тақырыбын (докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестр ішінде айқындалады және ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі) және диссертациялық зерттеу жоспарын

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 9 беті

айқындауға көмек көрсету;

6.4.1.2 Докторанттың жеке жұмыс жоспарын (ЖЖЖ) құрастыруға көмектесу; ғылыми зерттеу жұмысы бойынша консультацияларды жүйелі жүргізу және ЖЖЖ уақытылы орындалуын бақылау;

6.4.1.3 Докторанттың ЖЖЖ-ын орындау бойынша жұмысты тиімді ұйымдастыру;

6.4.1.4 Докторантқа зерттеу практикасы бағдарламасын әзірлеуде көмек көрсету, практика мен ғылыми тағылымдамадан өту базасын таңдау бойынша ұсынымдар беру;

6.4.1.5 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының орындалуын жүйелі бағалау және ЖООКББИ-да ҒЗЖ-ны орындау барысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

6.4.1.6 Зерттеу нәтижелерін ғылыми журналдарда жариялау үшін мақалалар дайындауға және жариялауға көмек көрсету;

6.4.1.7 Зерттеу нәтижелерін таныстыру мақсатында докторанттың халықаралық конференцияларға қатысуына ықпал ету;

6.4.1.8 Докторанттың диссертациялық жұмысына пікір (жазбаша және ауызша) ұсыну;

6.4.1.9 Белгіленген мерзімде ҚР және ішкі нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес докторантпен бірлесіп жұмысты көпшілік алдында қорғауға ұсыну;

6.4.1.10 Докторанттың докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға қатысу;

6.4.1.11 Докторанттардың диссертациялық жұмыстарын дайындауға қатысты университет Басқарма төрағасы - ректоры мен басшылығының тапсырмаларын орындауға жауапкершілікпен қарау;

6.4.1.12 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша орындалған жұмыс туралы есеп беру (басшылықтың талабы бойынша);

6.4.1.13 әріптестермен және докторантпен қызметтік қарым-қатынаста тұлғааралық қатынастардың этикалық нормалары мен ережелерін сақтау.

6.4.1.14 Отандық ғылыми жетекші тарапынан міндеттемелер себепсіз орындалмаған жағдайда консультантты одан әрі докторанттарға ғылыми консультант болудан 3 (үш) жыл мерзімге шеттетуге дейінгі және басқа да тәртіптік жаза шаралар қолданылады.

6.4.2 Шетелдік консультанттың міндеттері:

6.4.2.1 Отандық ғылыми жетекшімен бірге диссертациялық зерттеу тақырыбын анықтау;

6.4.2.2 Барлық байланыс құралдары арқылы докторанттың диссертациясының бекітілген тақырыбы бойынша ғылыми кеңес беруді жүзеге асыру;

6.4.2.3 Диссертациялық жұмыс жоспары мен ғылыми зерттеу әдістерін

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 10 беті

келісу және ұсыну. Қажет болған жағдайда докторант диссертациясының жоспары мен мазмұнына түзетулер енгізу және ескертулер туралы уақтылы хабарлау;

6.4.2.4 Докторанттың ғылыми шетелдік тағылымдамасын ұйымдастыруға және оның халықаралық конференциялар мен басқа да ғылыми форумдарға қатысуына ықпалдасу;

6.4.2.5 Отандық ғылыми жетекшімен бірлесіп докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының белгіленген мерзімде орындалу барысын бақылау;

6.4.2.6 Докторанттың орындаған диссертациялық жұмысына жазбаша пікір беру;

6.4.2.7 Мүмкіндігінше докторанттың докторлық диссертациясын көпшілік алдында қорғауға қатысу.

6.4.3 Ғылыми консультанттардың құқықтары

Ғылыми консультанттар құқылы:

6.4.3.1 Докторантпен келісім бойынша жеке жұмыс жоспарларына түзетулер енгізу;

6.4.3.2 Докторанттардың зерттеу тәжірибесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізу;

6.4.3.3 жүргізілетін зерттеу саласындағы ғылыми жобаларға докторантты тарту;

6.4.3.4 Докторантқа тақырыптары докторанттың зерттеу жұмысымен тікелей байланысты ғылыми семинарларға, дөңгелек үстел отырыстарына, конференцияларға қатысуды ұсыну;

6.4.3.5 Дербес жұмыс жоспары бойынша орындалатын жұмыстардың барысын талқылау үшін докторантпен жұмыс кездесулерін тағайындау;

6.4.3.6 ЖООКББИ басшысына докторанттың дербес жұмыс жоспарының орындалу барысында туындаған мәселелер мен жағдайлар туралы хабарлау;

6.4.3.7 Объективті себептерге байланысты докторанттың бірінші оқу жылында ғылыми консультанттықтан бас тартуға құқылы.

6.5 Магистранттардың ғылыми жетекшісіне қойылатын талаптар

6.5.1 Магистранттардың магистрлік диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшілік етуін жүзеге асыру

6.5.1.1 Сұратылған бағыттың бейініне сәйкес келетін "ғылым кандидаты" немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" ғылыми дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" академиялық дәрежесі немесе "философия докторы (PhD)" немесе "бейіні бойынша доктор" дәрежесі, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар оқытушылар

6.5.1.2 Білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 11 беті

басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) или Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы.

6.6 Ғылыми жетекшілерді тағайындау және ауыстыру тәртібі

6.6.1 Қабылданғаннан кейін екі ай ішінде әрбір магистрантқа магистрлік диссертацияны (жобаны) басқару үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

6.6.2 Магистранттың ғылыми жетекшісі мен зерттеу тақырыбы университеттің Ғылыми Кеңесінің шешімі негізінде университет Баскарма төрағасы - ректорының бұйрығымен бекітіледі.

6.6.3 Ұсынылған ғылыми жетекшілердің кандидатуралары және магистранттардың зерттеу тақырыптары бітіруші кафедралардың отырыстарында алдын ала талқылаудан өтуі тиіс.

6.6.4 Ғылыми жетекшілерді бекіту үшін бітіруші кафедралар ЖООКББИ-на мынадай құжаттарды ұсынады:

- магистранттың ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын талқылау туралы маман даярлаушы кафедра отырысының хаттамасынан көшірме;
- ғылыми жетекшілердің біліктілік талаптары бойынша сәйкестігі ғылыми зерттеулер департаментімен тексеріліп, департамент басшысы қол қойған ғылыми еңбектер тізімі (Қосымша Б);

6.6.5 Білім алушылардың ғылыми жетекшілерінің кандидатураларын уақытылы ұсынуға магистранттар дайындықтан өтетін маман даярлаушы кафедралардың меңгерушілері жауапты болады.

6.6.6 Бекітілген ғылыми жетекшіні ауыстыру объективті себептер бойынша (басқа жұмысқа ауысуға байланысты, денсаулық жағдайы бойынша және т.б.) ғылыми кеңес беруді жүзеге асыра алмау немесе бітіруші кафедраның ұсынуы мен негіздемесі бойынша форс-мажорлық мән-жайлар сияқты ерекше жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін.

6.6.7 Магистранттың ғылыми жетекшісін ауыстыруға бітіруші кафедра меңгерушісі жауапты болады.

6.6.8 Магистранттың ғылыми жетекшісін ауыстыру, ғылымдардың аралас салалары бойынша консультанттарды тағайындау және т.б. туралы шешімді ЖООКББИ ұсынысы бойынша Ғылыми Кеңес қабылдайды.

6.7 Ғылыми жетекшінің міндеттері

Ғылыми жетекшінің міндеттеріне мыналар кіреді:

6.7.1 Магистрантқа диссертациялық (жобалық) зерттеу тақырыбын

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 12 беті

анықтауда және диссертациялық жұмысты орындау жоспарын әзірлеуде көмек көрсету;

6.7.2 Магистранттарға жұмыс мәселелері бойынша кеңес беру, зерттеудің теориялық және әдіснамалық базасын әзірлеуге көмек көрсету;

6.7.3 Басқа мамандармен консультациялар ұйымдастыруға жәрдемдесу;

6.7.4 диссертациялық зерттеудің орындалуын, оның бекітілген жоспарға сәйкестігін мониторингтеу;

6.7.5 Жұмыстың аралық нәтижелерін талқылау және зерттеу тәжірибесінің есептерін дайындауға көмектесу;

6.7.6 Әрбір академиялық кезең (семестр) аяқталғаннан кейін магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері туралы пікірлер беру;

6.7.7 Жұмысты қорытынды тексеру және мамандық бойынша магистрлік диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды мен толық жазбаша пікір дайындау.

6.7.8 Ғылыми жетекші тарапынан міндеттемелерді себепсіз орындамаған жағдайда, магистранттардың одан әрі ғылыми жетекшілігінен 3 (үш) жыл мерзімге шеттетуге дейінгі және басқа да тәртіптік жаза қолданылады.

7 Тәуекелдерді басқару

№	Тәуекел сипаттамасы	Тәуекелдің әсерін сипаттау	Тәуекелді бағалау 1 - өте төмен (оқиға 5 жылда 1 реттен жиі болмайды); 2-төмен (оқиға 4 жылда 1 рет орын алуы мүмкін); 3- орташа (оқиға 3 жылда 1 рет орын алуы мүмкін); 4- жоғары (оқиға алдағы екі жылда орын алуы мүмкін); 5 – өте жоғары (оқиға келесі жылы орын алуы мүмкін)	Тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шаралар	Жауапты	Орындалу мерзімі
1	ПОҚ СМЖ ОҚПУ П 7.21-2023 талаптарын сақтамауы немқұрайлықтан немесе білмегендіктен	Сапасыз жетекшілік және кеңес беру	3 – орташа (оқиға 3 жылда 1 рет болуы мүмкін);	Осы процедура мен таныстыру бойынша семинар өткізу	Ғылыми кеңесшілер, жетекшілер, кафедра меңгерушісі	тұрақты
	Ғылыми талаптарға сәйкес	Ғылым және жоғары білім министрлігі	5 – өте жоғары (оқиға алдағы жылы болуы мүмкін)	Кеңесшілердің ғылыми	Кафедра меңгерушісі	Оқу жылының

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 13 беті

2	келмеуі, кеңесшілерге, басылымдар бойынша басшыларға	мониторингі кезінде ескерту		сәйкестігін тұрақты бақылау, МЖМБС талаптарын а сай		басына
3	Жоғары оқу орындары арасында (меморандумның) болмауы	Лицензияға қосымшасына н айыру	4 – жоғары (оқиға алдағы екі жылда болуы мүмкін)	Мониторинг өзектілігі, шарттың нысаны	Кафедра меңгерушісі	Оқу жылының басына

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 14 беті

А қосымшасы (анықтамалық)

«Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы» ереже әрекет ету тізбесі

Процесс кезеңдері	Жауапты тұлғалар	Кіру деректер	Шығу деректері	Тұтынушылар
1 ОПК кандидатураларын қарау ғылыми Нұсқаулық	Кафедра меңгерушісі	ОПК және туралы мәліметтері	Ұсыныс	Сыртқы
2 Кандидатуралардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру	Ғылыми зерттеулер департаменті, ЖООКББИ директорының орынбасары	ОПК және олардың жарияланым туралы мәліметтері	Ғылыми координациялық кеңес (ҒКК), кафедра шешімі бойынша ұсыну	Ішкі
3 Ғылыми жетекшілікке кандидатураларды ұсыну	Кафедра меңгерушісі, ЖООКББИ директоры	ҒКК, кафедра шешімі бойынша ұсыну	ҒКК хаттамасынан көшірме	Ішкі
4 Ғылыми кеңеске ғылыми басшылыққа ОПК кандидатураларын ұсыну	ЖООКББИ директоры	ҒКК	Ғылыми Кеңестің Шешімі	Ішкі
5 Ғылыми кеңесшілер мен жетекшілерді тағайындау	ЖООКББИ директоры	Ғылыми Кеңестің Шешімі	Бұйрық	Сыртқы

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі Докторанттар мен магистранттардың ғылыми жетекшілері (консультанттар) туралы ереже	16 беттің 15 беті

Б қосымшасы

(міндетті)

Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтердің үлгісі

Жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқулығы немесе оқу құралы көрсетілген тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын ғылыми жетекшілер туралы мәліметтер

Р/с №	Ғылыми жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Білімі туралы ақпарат ("ғылым кандидаты" және/немесе "ғылым докторы" ғылыми дәрежесінің және/немесе "бейіні бойынша доктор" және/немесе "философия докторы (PhD)" дәрежесінің болуы туралы мәліметтер, резидентураны бітіргені туралы мәліметтер)	Жұмыс өтілі (ғылыми-педагогикалық, клиникалық)	Жарияланымдар тізбесі			Оқулықтың не оқу құралының атауы
				отандық мерзімді басылымдарда	шетелдік мерзімді басылымдарда	халықаралық конференция еңбектерінде	
1	2	3	4	5	6	7	8
							Жүктеу

Білім беру ұйымының басшысы _____
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))

